

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Әскери тарих - менің отбасымның өмірінде» тақырыбындағы шығармалардың республикалық дистанционды интернет-байқауын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Әскери тарих - менің отбасымның өмірінде» тақырыбындағы шығармалардың республикалық дистанционды интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу қағидалары Байқаудың мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты - туған өлке тарихын зерттеу арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденушілік-зерттеушілік шығармашылығын дамыту.

Байқаудың міндеттері:

1) оқушыларды қазақстандық отансүйгіштікке және азаматтылыққа тәрбиелеу;

2) білім алушылардың өзін-өзі танытуына арналған шарт ретінде шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту;

3) туған өлкені тану арқылы көпұлтты қоғамға сай құндылықтарға бағдарланған қарым-қатынастарды қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу тәртібі және мерзімі

5. Байқау жұмыстары электрондық түрде **2017 жылғы 24 ақпаннан бастап 12 мамыр аралығында b_kulzhanova@mail.ru** электрондық почтасы бойынша қабылданады.

2017 жылғы 12 мамырдан кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, **2017 жылғы 19 мамырда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ-та жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** жарна төлеу қажет.

Төлемақы банк және Қазпochtаның кез келген бөлімшелерінде төмендегі деректемелер бойынша жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ
БСН 990140004733
ЖСК KZ918560000005068448
БСК КСJBKZKX
ТМК 859
Кбе 16

Төлем атауы: «Әскери тарих - менің отбасымның өмірінде» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін b_kulzhanova@mail.ru электрондық почтасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;
- 2) сканерленген түбіртек немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электрондық түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушылары қатыса алады.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«Мәңгілік есімізде»** - жауынгерлік әрекеттер барысында қаза тапқан және із-түссіз жоғалып кеткен Ұлы Отан соғысының қатысушылары туралы шығармашылық жұмысы;

2) **«Ардагерлер әлі де қатарымызда»** - жерлес Ұлы Отан Соғысының қатысушылары туралы шығармашылық жұмысы;

3) **«Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін»** - Ұлы отан соғысы кезіндегі тылдағы еңбек ерлері туралы шығармашылық жұмысы;

4) **«Батырлар - жанымызда»** - өздерінің өмірлік ұстанымдарымен, көзқарастарымен, жетістіктерімен жас ұрпаққа үлгі болатын замандастарымыз - жергілікті әскери жанжалдарға қатысушылар туралы шығармашылық жұмысы.

Материалдар өлкетану зерттеу жобалары түрінде қазақ және орыс тілдерінде ұсынылуы мүмкін. Олардың нақтылығын растайтын материалдар (фотосуреттер, мұрағат құжаттарының көшірмелері және т.б.) жобаға қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін.

11. Байқау жұмыстары баспа түрінде ұсынылады, стандартты жиектерімен А -4 форматы, қарпі 14 Times New Roman, жолдар арасындағы қашықтық 1,0. Жұмыстың көлемі 15 парақтан аспауы тиіс.

12. Бір қатысушы Байқау барысында бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Бір қатысушыдан әр номинацияға тек бір жұмыс қабылданады. Төлем әр номинация үшін дербес жұмыс ретінде жүргізіледі.

13. Байқау жұмысының мұқаба парағында: облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының атауы;
байқау және номинация атауы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
e-mail, байланыс деректері;
жетекшісінің аты-жөні көрсетіледі.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

15. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі онлайн дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Жеңімпаздар дипломдарының, қатысушылар сертификаттарының, алғыс хаттардың электрондық нұсқалары <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> сілтемесі бойынша жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 - 312 («Әскери тарих - менің отбасымның өмірінде» байқауы).

Онлайн дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Әскери тарих - менің отбасымның өмірінде» байқауы → әрі қарай).